

Күн тәртібінде:

1. I-тоқсанды қорытындылау, мониторинг арқылы салыстыра талдау.
2. Білім сапасын көтеру жұмыстары
3. Оқушылардың ғылыми – зерттеу қызметі нәтижелерін жүйелендіру және қорытындылау.

Тыңдалды.


Әдістемелік бірлестік жетекшісі Г.Малмахова I-тоқсан қорытындысымен таныстырды. Бастауыш сыныптар пәні бойынша білім сапасы 56,5 пайыз, дүниежүзі тарихы пәні бойынша 54,8 пайыз көрсеткенін, мониторинг арқылы өткен оқу жылмен салыстырғанда төмен көрсеткіш екендігі айтылды.

Пән мұғалімі М.Акирова білім сапасын көтеру жұмыстары I-тоқсан бойынша жүргізіліп келе жатқандығын айта отырып, дайындық жұмыстарының апта бойы кестеге сәйкес жүргізілгенін, алғашқы тест қорытындылары төмен көрсеткіште екендігін мәлімдеді.

«Оқушылардың ғылыми – зерттеу қызметі нәтижелерін жүйелендіру және қорытындылау» тақырыбында пән мұғалімі Г.Онбаева баяндама жасады. Әдістемелік бірлестікте ғылыми жұмыспен айналысу кенже қалып бара жатқандығы ескертілді. 6 сынып оқушысы Кеменгер Рамазан Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік тұғыры» тақырыбында ғылыми жұмыс дайындап жатқандығын айтылды.

Қаулы етті:

1. I тоқсан қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелінсін.
2. Білім сапасын көтеру жұмыстары күшейтілсін.
3. Ғылыми жұмыс жүргізу қолға алынсын

Бірлестік жетекшісі :  Г.Малмахова

Барлығы-29
Қатысқан -25

Күн тәртібінде :

- 1.Әдістемелік бірлестіктің жоспарымен танысу, оны талдау.
2. Жаңа оқу жылының нұсқау хатымен танысу.

бірлестік жетекшісі: Г.Малмахова

- 3.Мұғалімдердің жүктеме бөлінісі туралы
4. Жылдық тақырыптық күнтізбелік жоспарларын қарау
5. Элективті курс тақырыптары туралы

Тындалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың бастауыш жөніндегі орынбасары Г.Исахова сөз алды. Өз сөзінде биылғы оқу жылын 10 сыныппен бастағалы отырғандығын , оның ішінде 1-еуі даярлық сынып екенін айта отырып, алдымызда келетін білім күніне барлығымыз дайындалуымыз керек . Әсіресе , бірінші сыныптың мұғалімдері келген бүлдіршіндерді дұрыс қабылдап, оларды салтанатты жиынға түгел алып шығу керек екенін баса айтты. Сонымен қатар 2022-2023 оқу жылына жасалған әдістемелік бірлестіктің жоспарымен таныстырып, оны жеке-жеке талдап өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Г.Малмахова жылдық тақырыптық күнтізбелік жоспарларын бекіту үшін алдымен биылғы оқу жылына келген нұсқау хатпен таныстырып өтті. Ондағы негізгі материалдарға тоқталып өтті

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мектепалды даярлық сыныптарына арналған Үлгілік оқу жоспарлары мен Үлгілік оқу бағдарламаларын өзгерту ✓ Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 35 оқу аптасын, 2-11 (12) сыныптарда – 36 оқу аптасын құрайды Анықтама: Бір күнтізбелік жылда: демалыс күндері-117 демалыс және мереке күндері - 75 күн оқу күндері-173 Мектептерде білім алушылар үшін демалыс күндерінің жиыны-192 күн ✓ 1 сыныптар үшін Үлгілік оқу жоспарындағы өзгерістер: - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің

1-сыныбында «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері, - қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде – «Букварь», «Обучение грамоте» және «Қазақ тілі» пәндері оқытылады ✓ «Өзін-өзі тану» пәні Үлгілік оқу жоспарының инвариантты компонентінен шығарылды ✓ «Көркем еңбек» пәні 1 сыныпта екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» ✓ Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру ✓ Үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізуді ұйымдастыру ✓ Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға оқу бағдарламаларын бейімдеу ✓ Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға тиімді психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету ✓ Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу (4, 9 сыныптар) ✓ «Алтын белгі» белгісіне үміткерлер үшін білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібіне өзгерістер енгізу ✓ Халықаралық пәндік олимпиада жеңімпаздары мен олардың педагогтеріне бір реттік ақшалай сыйақы беріледі ✓ Ұлттық құндылықтар негізінде мектептің мәдени ортасын қалыптастыру ✓ Балалар жылына арналған іс-шараларды өткізу ✓ «Оқуға құштар мектеп», «Дебат қозғалыстары», «Мектеп парламенті», «Балалар және театр» «Жылыжайлар» және т.б. жобаларын іске асыру ✓ «Мектеп-ата-ана консилиумы» мектеп-ата-ана қарым-қатынасының жаңа форматын енгізу

3-ші мәселе мұғалімдердің жүктеме бөлінісі төмендегіше:

Биылғы оқу жылында бастауыш сыныптарда пәннің қысқаруларына байланысты сағаттар аз мөлшерде берілді

1 а,ә,б,в сынып мұғалімдері: Г.Аманжолова -16 , Г.Онбаева-16, М.Акирова -16 , Н.Қапланова-16 сағат берілді.

2 а,ә,б,в сынып мұғалімдері: Т.Жумабекова -16, Р.Унгалбаева-15 сағат А.Алимбекова -13, А.Хамитова-13, Ұ.Ермекқызы -11 сағат берілді.

3 а,ә,б,в сынып мұғалімдері : Г.Жаркимбаева-16, Г.Малмахова-16, Л.Байтукова -13, М.Калимбетова -13сағат берілді.

4 а,ә,б,в,г сынып мұғалімдері Г.Базарқұлова-16, Н.Тулембаева-16, Б.Тастанова-16, Г.Нұрмағанбетова-13,Ж.Шойбекова-13 сағат берілді

Мектепалды даярлық тобының мұғалімдері: Б.Бейсоваға тиісті 20 сағаты жүктелді.

Одан бөлек З.Бейсова -12 сағат, М.Алибаева-9сағат, Н.Мадалиева-10 сағат, А.Кенжеева -9 сағат, А.Куатова-8сағат, Т.Пернебекова-11 сағат берілді.

Сонымен қатар 2-4 сыныптарда элективті курс жоспары нұсқау хаттағы тақырыптар бойынша алынсын.

2- 4 сыныптарда «Қызықты математика» тақырыптары тандалды.

Бірлестік отырысының шешімі:

1. 2022-2023 оқу жылына жасалынған бастауыш сынып бірлестігінің әдістемелік жоспары бекітілсін;
2. 2022-2023 оқу жылына берілген нұсқау хатпен бағдарламаны басшылыққа ала отырып, пән мұғалімдерінің күнтізбелік тақырыптық жоспарлары жасалынып, түсінік хаттарымен бірге бекітілсін;
3. Бастауыш сынып мұғалімдерінің жылдық, тақырыптық, күнтізбелік жоспарлары тексеріліп, 2022 жылғы 26 тамыз күнімен бекітілсін;
4. 2-4 сыныптарда элективті курс жоспары нұсқау хаттағы тақырыптар бойынша алынсын.

Ә.Б жетекшісі : *Малмахова*

Г.Малмахова

Бірлестік хатшысы:

М. Ахирова